

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.08.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/79569/>

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Аудан	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып: 8	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспаған оқушылар саны:
Сабақтың тақырыбы	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.1.3.11 параллелограмның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;	
Сабақтың мақсаты	Параллелограмның және ромбтың аудандарын есептер шығаруда қолданады	
Бағалау критерийлері:	<ul style="list-style-type: none"> — Параллелограмның және ромбтың аудандарының формулаларын қолданып, есептер шығарады; — Параллелограм мен ромбтың айырмашылығын түсінеді; — Параллелограм мен ромбтың ұқсастығын айта алады; 	
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар: Оқушылар қажетті терминдерді қолданып тұжырымдар жасайды, ережелерді қорытады.</p> <p>Пәнге тән лексика мен терминология:</p> <ul style="list-style-type: none"> — шама, өлшем бірлігі; — ауданы, ұзындығы, ені; — периметр, жарты периметр; — тең шамалас, тең құрамдас, тең фигуралар; — төртбұрыш ауданы; — параллелограм ауданы; — квадрат ауданы; — тіктөртбұрыш ауданы; — ромб ауданы; <p>Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:</p> <ul style="list-style-type: none"> -тең құрамды фигуралар деп ... -тең шамалы фигуралар деп ... -бірдей бөліктерден құрылған ... -аудандары тең жазық фигуралар ... -үшбұрыш/квадрат/тіктөртбұрыш/параллелограмм /ромб/трапецияның ауданын анықтау үшін ... қажет - үшбұрыш ауданын есептеу үшін ... қажет - ... формуланы қолдану үшін ... қажет. - егер квадраттың қабырғасын k есе қысқартса, онда ауданы ... 	
Құндылықтарға баулу (Жаһандық азаматтықтың негізгі элементтері)	<p>Математикалық тілде сөйлеу, топта жұмыс жасау, талдау және салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>*Ж.А білу және түсіну: тұрақты даму, әлеуметтік әділеттілік және теңдік</p> <p>*Ж.А құндылықтары: әлемдегі және қоршаған ортадағы жағдайларды жақсартуға белсенді қатысуға шешім қабылдау</p> <p>*Ж.А дағдылары: өзінің айналасындағыларға ашық, әділ қарым - қатынас және олардың құқықтарын құрметтеу</p>	
Пәнаралық байланыс	Информатика, сызу	
Негізгі дағдылар	<p>АКТ қолдану дағдылары:</p> <p>Интерактивті тақта мүмкіндіктерін қолдану, интернет ресурстар</p> <p>Ойлау дағдылары: Практикалық жұмыс орындай отыра ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	
Алдыңғы білім	Оқушылар келесі ұғымдарды және қасиеттерді біледі: Төртбұрыш, тіктөртбұрыш, ромб және параллелограмм ұғымы	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған іс-шаралар	Дереккөздер
Басы 10 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Керекті құрал жабдықтарын әзірлету. Оқушыларды фигуралар бойынша топқа бөлу. Топтарға ат беру:</p> <p>1-топ: «Тіктөртбұрыш»</p> <p>2-топ: «Квадрат»</p> <p>3-топ: «Параллелограмм»</p> <p>4-топ: «Ромб»</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру. № 226, №56 «Ой қозғау» сұрақтары:</p> <p>1. фигура атауы, анықтамасы, элементтері;</p> <p>2. фигуралардың қасиеттері;</p> <p>3. ауданын есептеу формуласы</p> <p>4. практикалық жұмыс (қолындағы фигуралардың ауданын есептейді)</p>	Фигуралар, постер

<p>Сабақ ортасы 20 минут</p>	<p>Білім бекіту: Жүппен жұмыс 1. Параллелограммның табаны $a=15\text{см}$, $h=12\text{см}$, $S=?$ <i>Жеке орындап, жүппен салыстырады, талдайды, кері байланыс береді.</i></p> <p>2. Параллелограмм қабырғалары 14см және 10см, ал бір бұрышы 150°-қа тең. Параллелограммның ауданын табыңыз. <i>Жүппен талқылап шығарады, есепке оқушылар өздігінен дескриптор құрастырады, бағалайды. Есептің деңгейін анықтайды.</i> Дескриптор: — сызбаны салады — параллелограмм ауданының формуласын қолданады — дұрыс есептейді</p> <p>Деңгейлік тапсырмалар А деңгейі</p> <p>1. Ромбтың диагональдары $3,2\text{см}$ және 14см-ге тең. Ромбтың ауданын табыңыз. Дескриптор: — сызбаны салады — ромб ауданының формуласын қолданады — дұрыс есептейді</p> <p>2. Параллелограммның табаны $a=12\text{см}$, биіктігі $h=8\text{см}$, параллелограмм ауданын табыңыз. Дескриптор: — сызбаны салады — параллелограмм ауданының формуласын қолданады — дұрыс есептейді</p> <p>В деңгейі</p> <p>1. Ромбтың ауданы 22 см^2, ал биіктігі — $5,5\text{ см}$ болса, қабырғасын табыңыз. Дескриптор: — сызбаны салады — ромб ауданының формуласын қолданады — қабырғаны табу формуласын қорытып шығарады — дұрыс есептейді</p> <p>2. Параллелограмм қабырғалары 12см және 8см, ал бір бұрышы 150°-қа тең. Параллелограммның ауданын табыңыз. Дескриптор: — сызбаны салады — сүйір бұрышын анықтайды — параллелограмм ауданының формуласын қолданады — дұрыс есептейді</p> <p>С деңгейі</p> <p>1. Ромб диагональдары $2:3$ қатынасындай, ал олардың қосындысы 25 см. ромб ауданын табыңыз. Дескриптор: — сызбаны салады — теңдеу құрастырады — диагональ ұзындықтарын табады — ромб ауданының формуласын қолданады — дұрыс есептейді</p> <p><i>Зерек, дарынды оқушылар қажет жағдайда қосымша тапсырмалар орындайды:</i> Қосымша есеп 1. Ромбтың ауданы 18 см^2, ал биіктігі $4,5\text{ см}$ болса, қабырғасын табыңыз. 2. Ромб диагональдарының бірі екіншісінен $1,5$ есе үлкен, ал оның ауданы 27 см^2. Ромбтың диагональдарын табындар. 3. Параллелограмм бұрыштарының біреуі 30°, ал оның қабырғаларының біреуі 10 см, периметрі 56 см-ге тең. Параллелограмм ауданын табындар.</p>	<p>Шыныбеков Геометрия 8сынып Әбілқасымова, Геометрия 8сынып</p>
<p>6 минут</p>	<p>Сергіту сәті: «Жаттықтырғыш» Қорытындылау: Тест 1) Қарама-қарсы қабырғалары қос-қостан параллель болатын төртбұрышдеп аталады А) трапеция В) квадрат С) параллелограмм Д) тік төртбұрыш 2) Егер параллелограммның диагональдары тең болса, онда ол параллелограммболады А) тіктөртбұрыш В) трапеция С) ромб 3) Ромбтың бір бұрышы 135°. Іргелес бұрыштың градустық шамасын табындар. А) 135° В) 45° С) 55° 4) Барлық қабырғалары тең тіктөртбұрышдеп аталады. А) трапеция В) ромб С) квадрат Д) параллелограмм 5. Егер төртбұрыштың диагональдары қиылысып, қиылысу нүктесінде тең екіге бөлінсе, онда ол төртбұрышдеп аталады. А) квадрат В) ромб С) параллелограмм 6) Ромбтың бір бұрышы 125°. Іргелес бұрыштың градустық шамасын табындар. А) 135° В) 45° С) 55° Жауабы: 1) С; 2) А; 3)В; 4) С; 5) С; 6)С.</p>	<p>Слайд</p>
<p>Сабақ соңы 4 минут</p>	<p>Рефлексия: <i>Оқушылар «Бағдаршам» арқылы стикерді қолданып бүгінгі сабақтан алған әсерлерін білдіреді</i></p>	

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.